

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 қазандағы N 983 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 277-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; N 18, 157-құжат; 2004 ж., N 17, 99-құжат):

13-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеген жағдайда өтініш беруші осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарға осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, мүлікті жария еткені үшін алымның төленгенін растайтын құжатты да тапсырады.

Өтініш беруші, егер тұлға:

- 1) мүлікті жария еткені үшін алым төлеуші болып табылмаған;
- 2) мүлікті жария еткені үшін алым төленгені туралы құжатты жергілікті атқарушы органға тапсырған жағдайда мүлікті жария еткені үшін алымның төленгенін растайтын құжатты тапсырудан босатылады.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар туралы ақпаратты тіркеуші органға мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссия тапсырады

2. "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 12, 78-құжат):

1) 4 - б а п т а :

1-тармақта "2006 жылғы 30 желтоқсанда" деген сөздер "2007 жылғы 1 сәуірде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "2007 жылғы 1 сәуірге" деген сөздер "2007 жылғы 1 шілдеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Алым жария етілетін мүлік құнының он проценті мөлшерінде төленеді.

Мүлкін жария ететін жария ету субъектілері құқықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті қоспағанда, мүлікті жария етуге құжаттарды тапсырғанға дейін алым төлейді.

Құқықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлкін жария ететін жария ету субъектілері жылжымайтын мүлікті жария етуге құжаттарды тапсырған сәттен бастан кез келген уақытта және жария етілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегенге дейін алым төлейді.

Алымды өндіріп алу және бюджетке аудару тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. "

3) 7 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші абзацы "сәйкес жария етуді" деген сөздерден кейін "және осы Заңның 8-бабында белгіленген жағдайларды" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың бірінші бөлігі "сәйкес жария етілетін жылжымайтын мүлікті" деген сөздерден кейін ", осы Заңның 8-бабында белгіленген жағдайларды" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

" 8 - б а п . А қ ш а н ы ж а р и я е т у

1. Заңды тұлғалар ақшаны жария етуді мемлекеттік тіркеу орны бойынша салық органына мынадай құжаттарды беру арқылы жүргізеді:

1) осы Заңға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада мүлікті жария етуді жүргізуге арналған өтінішті;

2) алым төленгенін растайтын;

3) жарғының (ереженің), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, салық төлеуші куәлігінің нотариат куәландырған көшірмелерін және заңды тұлға өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттарды;

4) екінші деңгейдегі банк не шетелдік банк берген, жария етуге табыс етілген ақша сомасының бар екендігін растайтын құжатты.

Ақша өтініш қабылданған сәттен бастап жария етілді деп танылады.

2. Жеке тұлғалар ақшаны жария етуді алым төлеу арқылы жүзеге асырады.

Ақша алым төленген сәттен бастап жария етілді деп саналады.";

5) 11-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі "жария етілгені" деген сөздерден кейін ", жария ету субъектісінің алым төлегені және алым төлеуші болып табылмайтын тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 16-бапта "2007 жылғы 1 сәуірде" деген сөздер "2007 жылғы 1 шілдеде" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 12, 79-құжат):

2-бапта "2007 жылғы 1 сәуірде" деген сөздер "2007 жылғы 1 шілдеде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті